

### 13. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар:

13.1 білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі (бағаланатын кезеңге жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі);

#### Талдау нәтижелері:

Қарасай негізгі орта мектебінде 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарына мектепшілік жұмыс жоспары мақсат-міндеттерге сәйкес жасақталып, педагогикалық кеңесте талқыланып, бекітіліп отырылған. Әр оқу жылында білім беру ұйымы қызметінің бағыты жылдық жұмыс жоспарға енгізілген міндеттерге сәйкес жүзеге асырылады.

Құжатта қамтылған бөлімдер:

1. Өткен оқу жылына жүргізілген талдау қорытындысы;
2. Жаңа оқу жылының өзекті мәселесі, мақсат-міндеттері;
3. Білім беру туралы мемлекеттік нормативті құжаттарды орындауға бағытталған мектептің қызметін ұйымдастыру;
4. Педагог-кадрлармен жұмыс, олардың біліктілігін көтеру, аттестаттау;
5. Білім берудің мемлекеттік стандартын орындауға бағытталған оқу-тәрбие үрдісін үрдісін ұйымдастыру, білім алу үрдісін жақсарту;
6. Оқу-тәрбие үрдісінде психологиялық қолдауды ұйымдастыру;
7. Мектеп оқушыларымен және олардың ата-аналарымен тәрбие жұмысын ұйымдастыру;
8. Материалдық-техникалық базаны ресурстық қамтамасыз ету;
9. Мектепті басқару және мектепшілік бақылауды ұйымдастыру.

Мектептің жылдық жоспары төмендегі қызмет түрлері бойынша құрылымдалған:

- педагогикалық қызмет;
- диагностикалық-түзету қызметі;
- танымдық қызмет;
- дамытушы қызмет;
- ғылыми-зерттеу қызметі;
- еңбек қызметі;
- спорттық-сауықтыру қызметі;
- басқару қызметі.

Мектептің әр жылдардағы өзекті мәселесі:

Мектептің өзекті тақырыбы: «Жаңа технологияларды меңгерген, зияткер, рухани білім деңгейінде тәрбиеленген және әлеуметтік бейімделген тұлғаны қалыптастыру және дамыту».

2018-2019 оқу жылы

2019-2020 оқу жылы

-Үш тілде білім беруді жүзеге асыру барысында инновациялық бағыттағы жұмыстарды жалғастыру, шығармашылық шеберханалар мен клубтар жұмыстары негізінде мұғалімдердің кәсіби шеберлігін дамыту;

-Оқушылар бойындағы зияткерлік қабілеттерін арттыру мақсатындағы жұмыстарды жандандыру;

-Патриоттық тәрбие бағытындағы «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеяларды жүзеге асыруға үлес қосу.

2020-2021 оқу жылы

2021-2022 оқу жылы

-Жаңа білім беру философиясының тұжырымдамалық идеяларына сай ғылыми негізде жоспарланған білім беру ортасының тиімділігін арттыру және сапалы нәтижеге қол жеткізу;

-Оқушыларға заман талабына сәйкес білім беруде ұйымдастырылатын іс-шаралардың жүйелілігі мен сабақтан тыс жұмыстардың тиімділігін білім сапасын арттыруға бағыттау;

-Ұлттық құндылықтарды кадрлеуге бағытталған тәрбие жұмыстарын кеңейту.

2022-2023 оқу жылы

2023-2024 оқу жылы

-Бірнеше тілді меңгерген, рухани білім деңгейінде тәрбиеленген зияткер жеке тұлға моделін дамытуды тәжірибеген енгізу;

-Жаңа білім беру философиясының тұжырымдамалық идеялары мен инновациялық білім технологиялары негізінде қолданылған әдіс-тәсілдер мен стратегиялардың тиімділігін саралау;

-Ғылыми негізде жоспарланған зерттеушілік және шығармашылық шеберханалар жұмыстары арқылы өзекті тақырыпты қорытындылау.

Мемлекеттік білім беру стандарттарын орындауға, білім сапасын арттыруға бағытталған оқу процесін ұйымдастыруда мектептің 2018-2023 жылдарға арналған стратегиялық жоспары жасақталып, бекітілген.

13.2 Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және ҚРБЖҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына және МЖМБС талаптарына сәйкестігі

**Талдау нәтижелері:**

Қарасай негізгі орта мектебінде 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарына арналған ҚРБЖҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына және МЖМБС талаптарына сәйкес жұмыс оқу жоспары аудандық білім бөлімінің келісімімен және мектеп директорының бекітуімен жасақталып, оқу процесі іске асырылып келеді.

2022-2023 оқу жылының оқу процесін ұйымдастыру кезінде Қарасай негізгі орта мектебінде төмендегі нормативтік құқықтық құжаттар негізге алынды.

- «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хаты (2022 жылғы 21 шілдедегі №8 хаттама);
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасы;
- «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары;
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы);
- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы)
- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы;
- «Білімді ұлт» «Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы;
- «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы);
- «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы)
- «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы);
- «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы);
- «Арнайы білім беру ұйымдары түрлерінің қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 бұйрығы);
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бұйрығы);
- «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығы);
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым

саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы);

- «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығы);
- «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2021 жылғы 11 қарашадағы № 559 бұйрығы);
- «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығы);
- «Мамандандырылған Білім беру ұйымдарының желісін және дарынды балалармен жұмыс жөніндегі оқу-әдістемелік Кеңес туралы ережені бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 1 шілдедегі № 428 бұйрығы);
- «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы);
- «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы);
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар ҚР БҒМ 2020 жылғы 2 сәуірдегі №125 бұйрығымен енгізілген);
- «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;
- «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 бұйрығы);
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы);
- «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығы);
- «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2021 жылғы 11 қарашадағы № 559 бұйрығы);
- «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығы);
- «Мамандандырылған Білім беру ұйымдарының желісін және дарынды балалармен жұмыс жөніндегі оқу-әдістемелік Кеңес туралы ережені бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 1 шілдедегі № 428 бұйрығы);
- «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы);
- «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы);
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар ҚР БҒМ 2020 жылғы 2 сәуірдегі №125 бұйрығымен

енгізілген);

- «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;
- «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 бұйрығы);
- «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығы);
- «Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы №12 бұйрығы);
- «Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы);
- «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығы);
- «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы);
- «Орта білім беру ұйымдарындағы сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығы);
- «Жеңімпаздар, жүлдегерлер және оларды дайындаған педагогтер бюджет қаражаты есебінен біржолғы сыйақымен марапатталатын жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың тізбесін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №333 бұйрығы);
- «Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі басшылықты бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 23 маусым № 292 бұйрығы).

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығының 1-қосымшасы)* Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары бойынша 1-4-сыныптардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы шекті көлемі төмендегідей:

1-сыныпта инварианттық оқу жүктемесі 18,5 сағат, вариативтік оқу жүктемесі 1 сағат, барлығы-19,5 сағат;

2-сыныпта инварианттық оқу жүктемесі 23 сағат, вариативтік оқу жүктемесі 1 сағат, барлығы-24 сағат;

3-сыныпта инварианттық оқу жүктемесі 25 сағат, вариативтік оқу жүктемесі 1 сағат, барлығы-26 сағат;

4-сыныпта инварианттық оқу жүктемесі 25 сағат, вариативтік оқу жүктемесі 1 сағат, барлығы-26 сағат;

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 6-қосымшасы)* Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары бойынша 5-9-сыныптардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы шекті көлемі төмендегідей:

5-сыныпта инварианттық оқу жүктемесі 28 сағат, вариативтік оқу жүктемесі 0,5 сағат, барлығы-28,5 сағат;

6-сыныпта инварианттық оқу жүктемесі 28 сағат, вариативтік оқу жүктемесі 0,5 сағат, барлығы-28,5 сағат;

7-сыныпта инварианттық оқу жүктемесі 31 сағат, вариативтік оқу жүктемесі 0,5 сағат, барлығы-31,5 сағат;

8-сыныпта инварианттық оқу жүктемесі 32 сағат, вариативтік оқу жүктемесі 0,5 сағат, барлығы-32,5 сағат;

9-сыныпта инварианттық оқу жүктемесі 33 сағат, вариативтік оқу жүктемесі 1 сағат, барлығы-34 сағат;

1-сыныптағы оқу жылының ұзақтығы 35 оқу аптасын, 2-9 сыныптарда 36 оқу аптасын құрайды. 1-сынып оқушылары үшін үшінші тоқсанда 1 апта қосымша каникул беріледі.

Карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жағдайында білім алушылардың оқу жетістіктері балл қою арқылы формативті бағаланады. Бұл ретте қалыптастырушы бағалау үшін 2-9 сыныптарда 1-ден 10 балға дейін балл қойылады. Қорытынды бағаны электрондық журнал форматында шығарған кезде баллдар саны мынадай арақатынаста есептеледі: ФО - 25%, 1 БЖБ – 25 %, ТЖБ – 50 %. «Көркем еңбек», «Музыка», «Дене шынықтыру» оқу пәндері бойынша жиынтық бағалау жүргізілмейді.

2022-2023 оқу жылында 1-9-сыныптар бескүндік оқу аптасына оқиды, сабақ ұзақтығы 45 минутты құрайды.

Бастауыш саты 1-4 сыныптарда 2 класс комплектісіне инварианттық оқу жүктемесі 82 сағат қаралған, оған қоса вариативті компоненті бойынша 2 сағат бөлінген. Барлығы 84 сағат.

Негізгі саты 5-9 сыныптарда 3 класс комплектісі 142 сағат қаралған, оның ішінде вариативті оқу жүктемесі бойынша 2 сағат. Барлығы 144 сағат.

Оқу жоспарын базалық (инвариантты) компонент және вариативті оқу жүктемесіне сәйкес мектептің материалдық базасы және педагог кадрлардың кәсіби ерекшеліктері ескеріле отырып жасалды. Дамыту сипаттағы жеке және топтық сабақтар әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа ала отырып берілді.

2022-2023 оқу жылында мектептердің дайындығына (кадрлық, ресурстық және т.б.) байланысты вариативтік компонент сағаттарының есебінен «Жаһандық құзыреттер» курсы өткізуге ұсынылды. Аталған курс білім алушылардың 21 ғасыр дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі.

«Жаһандық құзыреттер» ( 5-8 сыныптарда 0,5 сағат екі аптада 1 рет) курсына:

- 5-6-сыныпта «Парасаттылық және этика» юниті
- 7-8 сыныпта «Азаматтылық және патриотизм» юниті
- 9-сыныпта «Зайырлылық және дінтану негіздері» юниті;

Юнит тақырыбының «Парасаттылық және этика» мазмұны білім алушылардың этикалық мәдениетін дамытуға, нақты өмірлік жағдайларда мінез-құлық қағидалары мен нормаларын білуін қолдануға, социумдағы табысты өзара іс-қимылға, ахуалды сыни талдау және жауапты шешімдер қабылдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Юниттің «Азаматтылық және патриотизм» (5-9-сыныптар) контенті тақырыптарының контенті білім алушылардың жергілікті, өңірлік, елдік, жаһандық ауқымдағы өзара тәуелділік мәселелерін сыни ұғыну, мемлекеттің, саяси және діни бірлестіктер мен мәдениеттердің өзара байланысы қағидаттарын түсіну, әлемде өз ұстанымдарын табысты айқындаудың әмбебап құзыреттерін иелену дағдыларын көздейді.

«Зайырлылық және дінтану негіздері» юнитін зерттеу тек 9-сыныпта ұсынылады. Келесі тақырыптар белгіленді: «Зайырлы мемлекет және дін», «Діннің пайда болуы мен маңызы, оның әлеуметтік мақсаты мен жіктелуі», «Діннің құрылымы мен функциялары», «Діннің шығу тегі мен тарихи нысандары», «Ежелгі сенім жүйелері, ұлттық және дәстүрлі діндер», «Буддизмнің діни ілімінің негіздері», «Діни сенімнің негіздері», «Ислам дінінің негіздері», «Қазақстан аумағындағы Ислам», «Қазақстан аумағындағы православиелік діни ұйымдардың қызметі», «Ислам мәдениеті», «Жалған діни

ұйымдар мен ағымдар туралы түсінік. Терроризм», «Қазақстан – біртұтас және зайырлы мемлекет», «Қазақстанның бейбітшілік пен дінаралық келісім саласындағы саясаты»

Дене шынықтыру «Жүзу» тараулары бойынша сабақтарды толық мәнінде жүргізуге мүмкіндігі жоқ болуына байланысты, мектеп ұжымының педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша бұл сабақтар тиісінше дала жарысымен, гимнастикамен алмастырылды.

Мемлекеттік стандарттың базалық (инвариантты) компоненті толығымен сақталды.

Мектеп екі кезеңде жұмыс істейді, сабақ қазақ тілінде өткізіледі. 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылының сабақтары таңдау курстары мен қолданбалы курстардың кестелері, мектеп директорымен бекітіліп аудандық білім бөлімімен келісілген. Сабақ кестелері оқу жоспары негізінде құрастырылып бекітілген, сабақтар саны аптасына бір оқушыға бөлінген жүктемеден аспайды.

2022-2023 оқу жылына сабақ, факультатив кестелері, мектепалды даярлық тобының, шағын орталықтың және қоңырау кестесі мектеп директорымен бекітілген. Сабақ кестесін құру кезінде Санитарлық қағидаларға сәйкес қиындық (балл) бойынша пәндерді саралау кестесі пайдаланылған. Сабақ кестесіне енгізілген сабақ саны ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес келеді. Сонымен қатар сабақ кестесі мен қоңырау кестесі, факультативтік сабақтар кестесі «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан республикасы денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 бұйрығы негізінде жасалды.

13.3 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі-ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру

#### Талдау нәтижелері:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес Қарасай негізгі орта мектебінде бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің базалық мамұны 2022-2023 оқу жылында төмендегідей игеріледі:

Бастауыш білім берудің мазмұны 6 білім саласы арқылы берілген: «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру».

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрінің  
2022 жылғы 30  
қыркүйектегі  
№ 412 бұйрығына  
1-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым  
министрінің  
2012 жылғы 8  
қарашадағы  
№ 500 бұйрығына  
1-қосымша

#### Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны				Жалпы жүктеме, сағат	
		1	2	3	4	апталық	жылдық
<b>Инварианттық компонент</b>							
	Тіл және әдебиет	6	11	11	11	39	1398
1	Әліппе, Ана тілі	6	-	-	-	6	210
2	Қазақ тілі	-	4	4	4	12	432
3	Әдебиеттік оқу	-	3	3	3	9	324

4	Орыс тілі		2	2	2	6	216
5	Шетел тілі		2	2	2	6	216
	Математика және информатика	4,5	5	6	6	21,5	769,5
6	Математика	4	4	5	5	18	644
7	Цифрлық сауаттылық	0,5	1	1	1	3,5	125,5
	Жаратылыстану	1	1	2	2	6	215
8	Жаратылыстану	1	1	2	2	6	215
	Адам және қоғам	1	1	1	1	4	143
9	Дүниетану	1	1	1	1	4	143
	Технология және өнер	3	2	2	2	9	321
10	Музыка	1	1	1	1	4	143
11	Көркем еңбек		1	1	1	3	108
12	Еңбекке баулу	1				1	35
13	Бейнелеу өнері	1				1	35
	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	429
14	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	429
	Инварианттық оқу жүктемесі	18,5	23	25	25	91,5	3275,5
<b>Вариативтік компонент</b>							
	Дамыту сипаттағы жеке және топтық сабақтар	1	1	1	1	4	143
	Вариативтік оқу жүктемесі	1	1	1	1	4	143
	Ең жоғарғы оқу жүктемесі	19,5	24	26	26	95,5	3418,5

Негізгі орта білім берудің мазмұны 6 білім саласы арқылы берілген: «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру».

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрінің  
2022 жылғы 12 тамыздағы  
№ 365 бұйрығына  
6-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2012 жылғы 8 қарашадағы  
№ 500 бұйрығына  
6-қосымша

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары**

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны					Жалпы жүктеме, сағат	
		5	6	7	8	9	апталық	жылдық
<b>Инварианттық компонент</b>								
	Тіл және әдебиет	11	11	11	11	11	55	1980
1	Қазақ тілі	3	3	3	2	2	13	468
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	3	3	12	432
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	3	3	3	15	540
4	Шетел тілі	3	3	3	3	3	15	540
	Математика және информатика	6	6	6	6	6	30	1080
5	Математика	5	5	-	-	-	10	360
6	Алгебра	-	-	3	3	3	9	324

7	Геометрия	-	-	2	2	2	6	216
8	Информатика	1	1	1	1	1	5	180
	Жаратылыстану	2	2	7	8	8	27	972
9	Жаратылыстану	2	2	-	-	-	4	144
10	Физика	-	-	2	2	2	6	216
11	Химия	-	-	1	2	2	5	180
12	Биология	-	-	2	2	2	6	216
13	География	-	-	2	2	2	6	216
	Адам және қоғам	3	3	3	3	4	16	576
14	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	2	10	360
15	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	1	5	180
16	Құқық негіздері	-	-	-	-	1	1	36
	Технология және өнер	3	3	1	1	1	9	324
17	Музыка	1	1	-	-	-	2	72
18	Көркем еңбек	2	2	1	1	1	7	252
	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	540
19	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	540
	Инварианттық оқу жүктемесі	28	28	31	32	33	152	5472
Вариативтік компонент								
	Жаһандық құзыреттілік	0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	108
	Элективті курстар	-	-	-	-	-	-	
	Вариативтік оқу жүктемесі	0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	108
	Ең жоғарғы оқу жүктемесі	28,5	28,5	31,5	32,5	34	155	5580

Қарасай негізгі орта мектебі жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламалары негізінде төмендегі құқықтық құжаттарды негізге алады:

"Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 23 қыркүйекте № 29767 болып тіркелді
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 266 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 22 сәуірде № 13619 болып тіркелді)
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрық
- «Қазақ әдебиеті» пәнінен 5-9-сыныптардағы оқу процесі «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ м.а. 2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрығымен (ҚР Әділет министрлігінде 2017 жылы 13 қарашада № 15982 тіркелген) бекітілген Негізгі орта білім беру деңгейінің «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады
- Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2019 жылғы 7 наурыздағы №105 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енізілген)

13.4 білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру (бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі);

**Талдау нәтижелері:**

МАД тәрбиешілері, 1-9 класс жетекшілері ата-аналарымен жылдық жұмыс жоспарына сай және жоспардан тыс жұмыстарды шығармашылықпен, ұйымшылдықпен атқара білді. Әр класс жетекші оқушылардың үйін аралап, әр ата-аналармен пікірлесу жұмыстарын жүргізді. Ата-анамен байланыс дәптерлері жүргізілді. Әр класс жетекшіге отбасын аралау кестесі құрылған болатын. Сол кесте бойынша отбастарын аралап отырды. Осы тоқсанға белгіленген сыныптан тыс шаралар өз уақытында өткізілді. Тәрбие жұмысының жоспарына, айлықтардың, мемлекеттік және ұлттық мерекелердің, атаулы күндер мен каникул күндерінің ұйымдастырылуы мен жүргізілуі негізінде патриоттық сананы қалыптастыру; отбасылық құндылықтарды кеңінен насихаттау; рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру; құқықтық сананы қалыптастыру және дамыту; жалпы адамзаттық қасиеттердің негізінде көпмәдениетті тұлғаны қалыптастыру; салауатты өмір салтын ұстану дағдыларын қалыптастыру міндеттері жүзеге асырылды.

13.5 білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге қосымша сабақтар кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері қоса беріледі);

**Талдау нәтижелері:**

Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандары ұйымдастырылған. Қосымша сабақ кестелері, спорттық, шығармашылық, мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері қоса берілді.

13.7 ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру

**Талдау нәтижелері:**

2018 жылдан бері Қарасай негізгі орта мектебіне инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылар тіркелмеген. Дегенмен 2021-2022 оқу жылында 3 педагог-кадр арнайы тақырыптарда біліктілікті арттыру курстарынан өткен.

Инклюзивтік білім беру курсы оқыған педагогтар туралы мәлімет

№	Аты-жөні	Лауазымы	Курсты қай жылы оқыды	Сағат саны	сертификат номері
1	Сәрсенғалиұлы Әділет	Математика-Физика мұғалімі	04-29.07.2022 жылы	160 сағат	-
2	Нысан Балнұр	Бастауыш сынып мұғалімі	11.07-05.08.2022 жылы	160 сағат	-
3	Разакова Айгуль Жайлаубайқызы	Қазақ тілі мен әдебиеті	11.07-05.08.2022 жылы	160 сағат	-

13.8 ЖББ ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру

**Талдау нәтижелері:**

2022-2023 оқу жылында 1-9-сыныптар бескүндік оқу аптасына оқиды, сабақ ұзақтығы 45

минутты құрайды.

Бастауыш саты 1-4 сыныптарда 2 класс комплектісіне инварианттық оқу жүктемесі 82 сағат қаралған, оған қоса вариативті компоненті бойынша 2 сағат бөлінген. Барлығы 84 сағат.

Негізгі саты 5-9 сыныптарда 3 класс комплектісі 142 сағат қаралған, оның ішінде вариативті оқу жүктемесі бойынша 2 сағат. Барлығы 144 сағат.

Мемлекеттік стандарттың негізгі компоненттерінің бірі – базистік оқу жоспары. Базистік оқу жоспары мектеп құрылым туралы, оқу пәндерінің минимал жиынтығы, мазмұндық толымдылық және әрбір пән бойынша минимум оқу жүктемелерін көрсетеді. Онда инвариативтік және вариативті бөлімдер ерекшеленеді.

Типтік оқу жоспарының вариативті бөлігі жалпы білім беретін оқу орындарына оқушылардың мүддесі мен қабілеттерін қанағаттандыруға бағытталған жалпы орта білім мазмұнының көлемі оқушылардың білімділік қажеттіліктерін өтеу мақсатында бөлінеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің жақын жылдарда бәсекеге қабілетті дамыған алдыңғы қатарлы 30 елдің қатарына қосылу мақсатында Қазақстан халқына жолдаған Жолдауына сәйкес білім беру ұйымдарының алдына маңызды мәселелер қойылған. Ол мәселелерді шешу барысында оқу жоспарындағы әрбір сағаттың маңыздылығы, алар орны ерекше.

Сол себепті таңдау курстарындағы және оқушы компонентеріндегі сағаттардың әр мектептің өз потенциалына орай, мұғалімдерінің кәсіби шеберлігіне, оқушылардың сұранысын қанағаттандыратын мақсатта жұмыс атқаруы керек.

Мектепалды даярлық Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 Бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарты, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес шағын орталықта оқу жүктемесі төмендегідей:

- Кіші топта (2 жастан бастап) – күн сайын;
- Ортаңғы топта (3 жастан бастап) – күн сайын;
- Ересек топта (4 жастан бастап) – күн сайын.

Мектепалды даярлық тобында сабақтарды ұйымдастыру және өткізу білім беру бағдарламалары және оқу жоспары негізінде жүргізіледі.

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 Бұйрығы негізінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес мектепалды даярлық сыныптарында оқу жүктемесі 20 сағатты құрайды, оның ішінде оқу әрекетіне 20 сағат ұйымдастырылған.

Мектепалды даярлық сыныптарында оқу жылының ұзақтығы 33 оқу аптасын құрайды.

Мектепалды даярлық сыныпта білім беру мазмұны балалардың танымдық, қатынас, эстетикалық және физикалық потенциалын дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Әлеумет» және «Шығармашылық» білім беру салалары арқылы жүзеге асырылады.

Білім негізі бастауышта дегендей, математика сабағында берілетін практикалық есептер оқушылардың оқыл-ойын, қабілетінің дамуын, ғылым негіздерін берік игеріп, алған білімдерін өмірде қолдана білуге әсер етеді. Дегенмен де сабақ үстінде оқу бағдарламасы бойынша маңызды мәселелердің бәрін қамту мүмкін болмай қалады. Сол себепті бастауыш сыныптарда математика пәніне деген оқушылардың қызығушылығын арттыру, теориялық білімдерін тереңдету мақсатында 1-2 - сыныптарға 1 сағат «Қызықты математика» тақырыбында таңдау курсынан сағат берілді. Сонымен қатар домбырада ойнау дағдыларын қалыптастыру білім алушылардың эстетикалық және көркем мәдениетін дамытуға ықпал етеді. Сол себепті 3-4 сыныптарда «Домбыра» курсы оқытылады.

Оқушылардың негізгі теориялық білімдерін қалыптастыра отырып, «қарапайымнан-күрделіге» қағидасы бойынша оқушылардың білім, білік дағдысын жетілдіру және өз өлкеміздің табиғаты мен тарихын тереңірек зерделеу, оқушылардың бойында отансүйгіштік қасиеттерді, ақпарат саласындағы теориялық білімді және практикалық білік пен дағдыны қалыптастыру тұрғысында:

Мектеп компонентінен:

5-6-сынып: «Парасаттылық және этика»

7-8-сынып: «Азаматтылық және патриотизм»

9-сынып: «Зайырлылық және дінтану негіздері»

Оқу жоспарын базалық (инвариантты) компонент және вариативті оқу жүктемесіне сәйкес мектептің материалдық базасы және педагог кадрлардың кәсіби ерекшеліктері ескеріле отырып жасалды. Қолданбалы курстар әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа ала отырып берілді.

2022-2023 оқу жылында мектептердің дайындығына (кадрлық, ресурстық және т.б.) байланысты вариативтік компонент сағаттарының есебінен «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы өткізуге ұсынылды. Аталған курс білім алушылардың 21 ғасыр дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі.

«Жаһандық құзыреттер» курсына:

5-6-сынып: «Парасаттылық және этика»

7-8-сынып: «Азаматтылық және патриотизм»

9-сынып: «Зайырлылық және дінтану негіздері»

«Парасаттылық және этика» мазмұны білім алушылардың этикалық мәдениетін дамытуға, нақты өмірлік жағдайларда мінез-құлық қағидалары мен нормаларын білуін қолдануға, социумдағы табысты өзара іс-қимылға, ахуалды сыни талдау және жауапты шешімдер қабылдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

«Азаматтылық және патриотизм» контенті тақырыптарының контенті білім алушылардың жергілікті, өңірлік, елдік, жаһандық ауқымдағы өзара тәуелділік мәселелерін сыни ұғыну, мемлекеттің, саяси және діни бірлестіктер мен мәдениеттердің өзара байланысы қағидаттарын түсіну, әлемде өз ұстанымдарын табысты айқындаудың әмбебап құзыреттерін иелену дағдыларын көздейді.

«Зайырлылық және дінтану негіздері» курсы оқу құқықтық және діни сауаттылықты қалыптастыруға, білім алушыларда этномәдени және дінаралық келісім негізінде азаматтық жауапкершілік сезімін тәрбиелеуге бағытталған.

Дене шынықтыру «Жүзу» тараулары бойынша сабақтарды толық мәнінде жүргізуге мүмкіндігі жоқ болуына байланысты, мектеп ұжымының педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша бұл сабақтар тиісінше дала жарысымен, гимнастикамен алмастырылды.

Вариативті компоненттен бөлінген сабақтарға арналған сабақ кестесі Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы №611 бұйрығы негізінде жасалған.

13.9 "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсы зерделей;

### **Талдау нәтижелері:**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес Қарасай негізгі орта мектебінде 1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырып келсе, 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы іске асырылады. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізілетінді айқындалған. Осы орайда Қарасай негізгі орта мектебінде «Өмір қауіпсіздігі негіздері» міндетті оқу курсының меңгерілуі төмендегідей:

1-сыныпта «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде 2022-2023 оқу жылының ұзақ мерзімді жұмыс жоспарында 07 қазанда «Қауіпсіз жол жүрісі», 21 қазанда «Төтенше жағдай дегеніміз не?», 18 қарашада «Тұрмыстық жарақатты болдырмау», 17 наурызда «Судағы қауіпсіздік», 28 сәуірде «Өмір қауіпсіздік ережесі», 05 мамырда «Үйде қандай қауіп-қатерлер орын алуы мүмкін?» тақырыптары енгізілген. Пән мұғалімі Алдиярова Нургуль Абдисаламовна

2-сыныпта «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде 2022-2023 оқу жылының ұзақ мерзімді жұмыс жоспарында 12 қаңтарда «Оқушылардың тәртібінің көшедегі және жолдағы негізгі ережесі», 26 қаңтарда «Қауіпсіздік», 09 ақпанда «От адамның досы және жауы», 13 сәуірде «Су қоймасы», 20 сәуірде «Табиғат», 18 мамырда «Практикалық қауіпсіздік» тақырыптары, барлығы 6 сабақ енгізілген. Пән мұғалімі Нысан Балнұр Жолтайқызы.

3-сыныпта «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде 2022-2023 оқу жылының ұзақ мерзімді жұмыс жоспарында 20 қаңтарда «Төтенше жағдай бұл не?», 27 қаңтарда «Тұрмыстық жарақатты болдырмау жолдарын ескерту», 03 наурыда «Оқушылар тәртібінің көшедегі және жолдағы ережесі», 14 сәуірде

«Оқушылар тәртібінің көшедегі және жолдағы ережесі», 28 сәуірде «Өмір қауіпсіздігі туралы практикалық сабақ», 05 мамырда «Өмір қауіпсіздігі туралы практикалық сабақ» тақырыптары енгізілген. Пән мұғалімі Нұрмахан Нұржайнар Қасымқызы

4-сыныпта «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде 2022-2023 оқу жылының ұзақ мерзімді жұмыс жоспарында 21 қыркүйекте «Тұрмыстық жарақатты болдырмау жолдарын ескерту», 05 қазанда «Судағы қауіпсіздік», 26 қазанда «Табиғаттағы төтенше жағдай», 30 қарашадағы «Сіз жолда жүру ережесін білесіз бе?», 07 желтоқсанда «Практикалық сабақ», 14 желтоқсанда «Балалардағы сынықтың негізгі түрлері және алғашқы медициналық көмек», 15 ақпанда «Көліктегі төтенше жағдай», 22 ақпанда «Өрт деген неден пайда болады?», 26 сәуірде «Денсаулыққа әсер ететін факторлар туралы түсінік», 25 мамырда «Практикалық сабақ» тақырыптары, барлығы 10 сағат енгізілген. Пән мұғалімі Нысан Балнұр Жолтайқызы

5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында әр сыныпқа 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсын іске асыру үшін ұзақ мерзімді жоспарларына тақырып аясында 15 сабақ тақырыптары енгізілген. Пән мұғалімі Жәдігеров Жеңіс Қапарұлы.

13.10 "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсын іске асыру;

#### **Талдау нәтижелері:**

"Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

13.11 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 11716 болып тіркелген) білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау. Біліктілік талаптарының сақталуы бойынша барлық растайтын құжаттары (жабдыққа арналған жүкқұжаттардың және/немесе бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдардың тізбесі көшірмелері), осы Өлшемшарттардың 10, 11, 12, 13, 14, 17-қосымшаларына сәйкес толтырылған кестелер, оның ішінде жалпы білім беру ұйымы бойынша оқу және оқу-зертханалық жабдықтар мен жиһаздардың болуы жөніндегі бейне материалдар қоса беріледі.

#### **Талдау нәтижелері:**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес. Біліктілік талаптарының сақталуы бойынша барлық растайтын құжаттары жасақталған. Жиһаздардың болуы жөніндегі бейне материалдар қоса берілді.

## **14. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:**

14.1 білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы;

#### **Талдау нәтижелері:**

Бастауыш мектептегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 29 сағаттан аспайды.

#### **1-4 сыныптарда білім беру процесі:**

- ✓ Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары;
- ✓ *Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығына 1-қосымша)* Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған

бастауыш білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары бойынша 1-4-сыныптардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы шекті көлемі төмендегідей:

- ✓ 1-сыныпта инварианттық оқу жүктемесі 18,5 сағат, вариативтік оқу жүктемесі 1 сағат, барлығы-19,5 сағат;
- ✓ 2-сыныпта инварианттық оқу жүктемесі 23 сағат, вариативтік оқу жүктемесі 1 сағат, барлығы-24 сағат;
- ✓ 3-сыныпта инварианттық оқу жүктемесі 25 сағат, вариативтік оқу жүктемесі 1 сағат, барлығы-26 сағат;
- ✓ 4-сыныпта инварианттық оқу жүктемесі 25 сағат, вариативтік оқу жүктемесі 1 сағат, барлығы-26 сағат;

Қазақ тілінде оқытылатын оқушылар үшін "Әліппе", "Ана тілі" пәндері бойынша әліппеге дейінгі және әліппе кезеңдерінің міндеттері "Әліппе" оқулығымен 1-жартыжылдықта, әліппеден кейінгі кезеңнің міндеттері "Ана тілі" оқулығымен 2-жартыжылдықта жүзеге асырылады.

1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады.

"Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

«Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту 2020 жылғы 27 қарашада бекітілген №496 «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығына сәйкес жүргізілетін болады (2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына (188 2 қосымша ) 2019 жылғы 26 шілдедегі №334 бұйрығына 4-қосымша өзгерістер енгізілді) 1-сыныпта «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні оқу жылының II жарты жылдығынан бастап аптасына 1 сағаттан оқытылады.

**5-9 сыныптарда білім беру процесі:** Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – бес жыл. Оқу жылының ұзақтығы – 36 оқу аптасы.

"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

Негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 5-сыныпта – 30,5 сағаттан, 6-сыныпта – 30,5 сағаттан, 7-сыныпта – 33,5 сағаттан, 8-сыныпта – 34,5 сағаттан, 9-сыныпта – 36 сағаттан аспауы тиіс.

- ✓ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары
- ✓ *Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 6-қосымшасы)* Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары бойынша 5-9-сыныптардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы шекті көлемі төмендегідей:
  - 5-сыныпта инварианттық оқу жүктемесі 28 сағат, вариативтік оқу жүктемесі 0,5 сағат, барлығы-28,5 сағат;
  - 6-сыныпта инварианттық оқу жүктемесі 28 сағат, вариативтік оқу жүктемесі 0,5 сағат, барлығы-28,5 сағат;
  - 7-сыныпта инварианттық оқу жүктемесі 31 сағат, вариативтік оқу жүктемесі 0,5 сағат, барлығы-31,5 сағат;

- 8-сыныпта инварианттық оқу жүктемесі 32 сағат, вариативтік оқу жүктемесі 0,5 сағат, барлығы-32,5 сағат;
- 9-сыныпта инварианттық оқу жүктемесі 33 сағат, вариативтік оқу жүктемесі 1 сағат, барлығы-34 сағат;
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары;
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 25 қазандағы №545 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген)

14.2. Білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ жалпы білім берудің үлгілік оқу жоспарымен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы

#### Талдау нәтижелері:

Қарасай негізгі орта мектебінде оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің (жаңартылған мазмұнның) оқу жоспары  
2022 – 2023 оқу жылына арналған

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрінің  
2022 жылғы 30 қыркүйектегі  
№ 412 бұйрығына  
1-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2012 жылғы 8 қарашадағы  
№ 500 бұйрығына  
1-қосымша

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны				Жалпы жүктеме, сағат	
		1	2	3	4	апталық	жылдық
<b>Инварианттық компонент</b>							
	Тіл және әдебиет	6	11	11	11	39	1398
1	Әліппе, Ана тілі	6	-	-	-	6	210
2	Қазақ тілі	-	4	4	4	12	432
3	Әдебиеттік оқу	-	3	3	3	9	324
4	Орыс тілі		2	2	2	6	216
5	Шетел тілі		2	2	2	6	216
	Математика және информатика	4,5	5	6	6	21,5	769,5
6	Математика	4	4	5	5	18	644
7	Цифрлық сауаттылық	0,5	1	1	1	3,5	125,5
	Жаратылыстану	1	1	2	2	6	215
8	Жаратылыстану	1	1	2	2	6	215
	Адам және қоғам	1	1	1	1	4	143
9	Дүниетану	1	1	1	1	4	143
	Технология және өнер	3	2	2	2	9	321
10	Музыка	1	1	1	1	4	143
11	Көркем еңбек		1	1	1	3	108
12	Еңбекке баулу	1				1	35
13	Бейнелеу өнері	1				1	35
	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	429
14	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	429
	Инварианттық оқу жүктемесі	18,5	23	25	25	91,5	3275,5
<b>Вариативтік компонент</b>							
	Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	1	1	1	1	4	143
	Вариативтік оқу жүктемесі	1	1	1	1	4	143
	Ең жоғарғы оқу жүктемесі	19,5	24	26	26	95,5	3418,5

**Қарасай негізгі орта мектебінде оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің  
(жаңартылған мазмұнның) оқу жоспары  
2022 – 2023 оқу жылына арналған**

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрінің  
2022 жылғы 12 тамыздағы  
№ 365 бұйрығына  
б-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2012 жылғы 8 қарашадағы  
№ 500 бұйрығына  
б-қосымша

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны					Жалпы жүктеме, сағат	
		5	6	7	8	9	апталық	жылдық
<b>Инварианттық компонент</b>								
	Тіл және әдебиет	<b>11</b>	<b>11</b>	11	11	11	<b>55</b>	<b>1980</b>
1	Қазақ тілі	3	3	3	2	2	13	<b>468</b>
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	3	3	12	<b>432</b>
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	3	3	3	15	<b>540</b>
4	Шетел тілі	3	3	3	3	3	15	<b>540</b>
	Математика және информатика	6	6	6	6	6	30	<b>1080</b>
5	Математика	5	5	-	-	-	10	<b>360</b>
6	Алгебра	-	-	3	3	3	9	<b>324</b>
7	Геометрия	-	-	2	2	2	6	<b>216</b>
8	Информатика	1	1	1	1	1	5	<b>180</b>
	Жаратылыстану	2	2	7	8	8	27	<b>972</b>
9	Жаратылыстану	2	2	-	-	-	4	<b>144</b>
10	Физика	-	-	2	2	2	6	<b>216</b>
11	Химия	-	-	1	2	2	5	<b>180</b>
12	Биология	-	-	2	2	2	6	<b>216</b>
13	География	-	-	2	2	2	6	<b>216</b>
	Адам және қоғам	<b>3</b>	<b>3</b>	<b>3</b>	<b>3</b>	<b>4</b>	<b>16</b>	<b>576</b>
14	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	2	10	<b>360</b>
15	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	1	5	<b>180</b>
16	Құқық негіздері	-	-	-	-	1	1	<b>36</b>
	Технология және өнер	3	3	1	1	1	9	<b>324</b>
17	Музыка	1	1	-	-	-	2	<b>72</b>
18	Көркем еңбек	2	2	1	1	1	7	<b>252</b>
	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	<b>540</b>
19	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	<b>540</b>
	Инварианттық оқу жүктемесі	<b>28</b>	<b>28</b>	<b>31</b>	<b>32</b>	<b>33</b>	<b>152</b>	<b>5472</b>
<b>Вариативтік компонент</b>								
	<b>Жаһандық құзыреттілік</b>	0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	<b>108</b>
	Элективті курстар	-	-	-	-	-	-	
	Вариативтік оқу жүктемесі	0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	<b>108</b>
	Ең жоғарғы оқу жүктемесі	<b>28,5</b>	<b>28,5</b>	<b>31,5</b>	<b>32,5</b>	<b>34</b>	<b>155</b>	<b>5580</b>

14.3.Сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау

2018 жылдан бері Қарасай негізгі орта мектебіне инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылар тіркелмеген. Дегенмен 2021-2022 оқу жылында 3 педагог-кадр арнайы тақырыптарда біліктілікті арттыру курстарынан өткен.

**Инклюзивтік білім беру курсы оқыған педагогтар туралы мәлімет**

№	Аты-жөні	Лауазымы	Курсты қай жылы оқыды	Сағат саны	сертификат номері
1	Сәрсенғалиұлы Әділет	Математика-Физика мұғалімі	04-29.07.2022 жылы	160 сағат	-
2	Нысан Балнұр	Бастауыш сынып мұғалімі	11.07-05.08.2022 жылы	160 сағат	-
3	Разакова Айгуль Жайлаубайқызы	Қазақ тілі мен әдебиеті	11.07-05.08.2022 жылы	160 сағат	-

**15. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:**

15.1 ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен МЖМБС талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер) (білім алушыларды қорытынды аттестаттау хаттамаларының, сондай-ақ ЖББ ҮОЖ инвариантты компонентінің әрбір оқу пәні бойынша бір бейне материал қоса беріледі);

**Талдау нәтижелері:**

ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен МЖМБС талаптарына сәйкес білім алушыларды қорытынды аттестаттау хаттамалары жазылған. Сондай-ақ ЖББ ҮОЖ инвариантты компонентінің әрбір оқу пәні бойынша бір бейне материал жасалған.

15.2 2, 3, 4-сыныптар үшін оны орындау мүмкіндігін ескере отырып (астрономиялық сағаттарда) үй тапсырмасына қойылатын талаптарды сақтау;

**Талдау нәтижелері:** Қарасай негізгі орта мектебі бойынша білім алушыларға үй тапсырмасын ұйымдастыруда Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау жөніндегі Әдістемелік ұсынымдамалар ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 182 бұйрығы негізге алынады.

Үй тапсырмасын орындауда 2-сыныпта - 50 минуттан, 3-4-сыныптарда - 70 минуттан, 5-6-сыныптарда - 90 минуттан, 7-9-сыныптарда - 110 минуттан, 10-11-сыныптарда - 130 минуттан асырылмайды. Бейнелеу өнері, еңбекке баулу, көркем еңбек, музыка, дене шынықтырудан үй тапсырмасы басқа пәндермен кіріктіріп беріледі.

Білім алушылар сабақта оқыту мақсаттарына жетсе («біледі», «түсінеді», «қолданады», «талдайды», «бағалайды» және «жинақтайды»), үй тапсырмасын орындаудың қажеттілігі болмайтындығы ескеріледі. Үй тапсырмасын беру кезінде бастауыш сынып мұғалімдері және пән мұғалімдері төмендегілерді назарда ұстайды:

1. білім алушыларға үй тапсырмасын сабақ үстінде, қоңырауға дейін хабардар ету;
2. үй тапсырмасын орындау бойынша нұсқау беру;
3. көлемі аз тапсырмалар (орындалуы міндетті) және көлемі көп тапсырмаларды (орындалуы ерікті түрде) үйлестіріп беру;
4. сабақта үй жұмысы бойынша қателермен жұмыс жүргізу.

15.3 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау;

**Талдау нәтижелері:**

Қарасай негізгі орта мектебі бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын орындауда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 19 ақпанда № 13137 болып тіркелді) басшылыққа алынады.

Қарасай негізгі орта мектебінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау нәтижелерін тіркеу үшін kundelik.kz электронды журналы жүргізіледі, қалыптастырушы және жиынтық бағалау нәтижелерін аталған электронды құжатта тіркейді, тоқсандық және жылдық бағалары автоматты есептеуді жүзеге асырылады.

Білім алушылардың тілдік емес пәндер бойынша оқу жетістіктерін бағалау өлшемшарттары оқу материалын меңгерудің деңгейлерін бағалауға негізделген:

- 1) білу;
- 2) түсіну;
- 3) қолдану;
- 4) талдау;
- 5) жинақтау;
- 6) бағалау.

Білім алушылардың тілдік пәндер бойынша оқу жетістіктерін бағалау өлшемшарттары оқу материалын меңгерудің деңгейлерін бағалауға негізделген:

- 1) тыңдалым;
- 2) айтылым;
- 3) оқылым;
- 4) жазылым.

Білу – нақты фактілерді, ақпаратты және сипаттамаларды қайта жаңғырту немесе есте сақтау қабілеті;

Түсіну – ақпаратты дұрыс қайта жаңғырту, болжау немесе түсіндіру арқылы меңгерілген материалды түсіну және түсіндіру қабілеті;

Қолдану – проблемаларды шешу мақсатында меңгерілген материалды нақты жағдайларда және жаңа жағдаяттарда қолдану қабілеті. Практикалық жұмыс, эксперименттер, проблемаларды шешу мен жаңа және/немесе түрлі өнімдер жасау білімді қолдануды көрсетудің тәсілдері болып табылады;

Талдау – түрткілер мен себептерді, ой қорытындыларын анықтау, ортақ ережелерді негіздеу үшін дәлелдер табу арқылы ақпараттық материалдарды құрамдас бөліктерге бөлу, ақпаратты зерделеу қабілеті;

Жинақтау – бөліктерді (идеялар, элементтер) жаңа мәнмәтінге біріктіру, қиыстыру қабілеті, мысалы қолдағы бар мәліметтерді реттейтін хабарлама (баяндама, сөз), іс-әрекет жоспары, сызбалар. Оқытудың тиісті күтілетін нәтижелеріне қол жеткізу шығармашылық сипаттағы қызметті болжамдайды;

Бағалау – қандай да бір материалдың (пікірлер, көркемдік шығармалар, зерттеу деректері) маңызын бағалау қабілеті;

Тыңдалым – түрлі тақырыпта ауызша айтылғандардың негізгі мазмұнын түсіну; олардан негізгі ақпаратты айырып көрсету; айтушының пікірін тани білу; мәнмәтін бойынша сөздің мағынасын айқындау; түрлі стратегияларды қолдана отырып, білім алушылардың деңгейлеріне сәйкес мәтіндердің әр түрінің мазмұнын қабылдау және түсіну қабілеті;

Айтылым – түрлі тақырыптардағы әңгімеде сөйлесудің ресми және сөйлеу стильдерінің сөздерін қолдану; қажет ақпарат алу үшін анағұрлым күрделі сауалдар қою; өз ойын білдіру; күтпеген түсініктерге пікір білдіру; құрдастарымен тапсырманы орындау барысында қарым-қатынас жасау; арнайы лексиканы сауатты қолдану; тарихты және оқиғаларды қайта айтып беру қабілеті;

Оқылым – түрлі тақырыптардағы көркемдік және ғылыми мәтіндердің негізгі мазмұндарын түсіну, олардың ішінен ақпаратты іздестірудің түрлі стратегияларын қолдана отырып түйінді ақпаратты айырып көрсету; мәнмәтін бойынша сөздердің мағыналарын анықтау; автордың қатынасын және пікірін тани білу; сөздердің мағынасын тексеру және оқылғанды түсінуін тереңдету үшін қағаздағы және сандық дереккөздерді пайдалану қабілеті;

Жазылым – түрлі тақырыптарға жазбаша жұмыстарды жоспарлау, жазу, редакциялау және түзету; қазір болған және ойдан шығарылған оқиғалар туралы, оқылғанға сыни пікірлер жазу; орфографиялық және грамматикалық қателер жібермей, барынша сауатты жазу; белгілі стильді ұстану; түрлі тізбек-сөздерді қолдана отырып сөйлемдерді параграфтарға байланыстыру қабілеті.

2022-2023 оқу жылында критериалды бағалау жүйесі 2-9-сыныптарда жүзеге асырылады. 1-сыныпта бағалау жүргізілмейді.

2016 жылдан бастап енгізілген критериалды бағалау нақты өлшенетін критерийлер негізінде бағалауды жүргізуге, білім алушылардың өз оқу іс-әрекетін бақылауға және бағалауға, оқу процесін түзетуге, оқу процесінде туындайтын қиындықтардың себептерін анықтау мен жою қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда назарға алынатын құжаттар:

«Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» ҚР БҒМ -нің 2008жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы (өзгерістер ҚР БҒМ 2022 жылғы 12 мамырдағы № 193 бұйрығымен енгізілген); Білім беру мазмұнын жаңарту аясында орта мектеп үшін критериалды бағалаумен құжаттарды рәсімдеу бойынша нұсқаулық;

Бастауыш мектеп мұғалімдері үшін критериалды бағалау бойынша нұсқаулық;

Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық:

Формативті бағалау, БЖБ және ТЖБ қорытындысы бойынша (білім алушылардың оқу жетістігі) баллдар электрондық журналға қойылады.

Табиғи және техногендік, әлеуметтік, карантиндік сипаттағы төтенше жағдайлар кезеңіне сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктері балл қою арқылы формативті бағаланады. 2-11-сынып білім алушыларының оқу жетістіктерін формативті бағалау бір балдан 10балға дейінгі шекте жүзеге асырылады. Кері байланыс беру үшін электрондық журналдың рубрикаторлары пайдаланылады.

Қорытынды бағаны электрондық журнал форматында шығару кезінде баллдар саны мынадай арақатынаста есептеледі: 1 БЖБ – 25%, ФБ - 25%, ТЖБ – 50 %.

ҚР БҒМ №125 бұйрығына сәйкес өлшенетін критерийлерді баллмен есептеуді сақталады (БЖБ үшін тах балл 1-4-сыныптарда 7-ден кем емес және 15-тен артық емес, 5-11(12) сыныптарда 7-ден кем емес және 20-дан артық емес).

ТЖБ тапсырмаларының техникалық спецификациясы негізінде тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмысының тапсырмаларын орындауға 45 минуттан артық емес уақыт беріледі;

15.4 МЖМБС талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім берудің (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу) талаптарын орындау;

#### **Талдау нәтижелері:**

2018 жылдан бері Қарасай негізгі орта мектебіне инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылар тіркелмеген. Дегенмен 2021-2022 оқу жылында 3 педагог-кадр арнайы тақырыптарда біліктілікті арттыру курстарынан өткен.

Инклюзивтік білім беру курсын оқыған педагогтар туралы мәлімет

№	Аты-жөні	Лауазымы	Курсты қай жылы оқыды	Сағат саны	сертификат номері
1	Сәрсенғалиұлы Әділет	Математика-Физика мұғалімі	04-29.07.2022 жылы	160 сағат	-
2	Нысан Балнұр	Бастауыш сынып мұғалімі	11.07-05.08.2022 жылы	160 сағат	-
3	Разакова Айгуль Жайлаубайқызы	Қазақ тілі мен әдебиеті	11.07-05.08.2022 жылы	160 сағат	-

15.5 4, 9, 11-сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және МЖМБС бекіткен тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау (білім алушылардың білік және дағды, білім сапасын бағалау ведомостарының көшірмелері, сонымен қатар осы Өлшемшарттардың 15 және 16-қосымшаларына сәйкес толтырылған кестелер қоса беріледі).

#### **Талдау нәтижелері:**

4, 9-сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және МЖМБС бекіткен тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелеріне бағалау жүргізілді. Бітіруші сыныптардан тест алынды. Тестке 4 сыныптан 4 оқушы, 9 сыныптан 3 оқушы қатысты.

4 сынып бойынша 1 Білім алушылардың білік және дағды, білім сапасын бағалау ведомостарының көшірмелері, сонымен қатар осы Өлшемшарттардың 15 және 16-қосымшаларына сәйкес толтырылған кестелер қоса берілді.

## 16. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

16.1 тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау;

### Талдау нәтижелері:

Қарасай негізгі орта мектебі бойынша бастауыш білім беру оқу бағдарламаларын игеру мерзімі-4 жыл (1,2,3,4-сынып), негізгі орта білім беру бағдарламаларын игеру мерзімі-5 жыл (5,6,7,8,9-сынып).

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын білім алушылардың игеруін бақылау мақсатында білім беру ұйымдары "Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелген) Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылауды және қорытынды аттестаттауды жүзеге асырып келеді.

1-сыныптағы оқу жылының ұзақтығы 33 оқу аптасын, 2-11 сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды.

Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс (факультативті, жеке және үйірме сабақтары) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда төмендегідей:

- 1-сыныпта инварианттық оқу жүктемесі 18,5 сағат, вариативтік оқу жүктемесі 1 сағат, барлығы-19,5 сағат;
- 2-сыныпта инварианттық оқу жүктемесі 23 сағат, вариативтік оқу жүктемесі 1 сағат, барлығы-24 сағат;
- 3-сыныпта инварианттық оқу жүктемесі 25 сағат, вариативтік оқу жүктемесі 1 сағат, барлығы-26 сағат;
- 4-сыныпта инварианттық оқу жүктемесі 25 сағат, вариативтік оқу жүктемесі 1 сағат, барлығы-26 сағат;
- 5-сыныпта инварианттық оқу жүктемесі 28 сағат, вариативтік оқу жүктемесі 0,5 сағат, барлығы-28,5 сағат;
- 6-сыныпта инварианттық оқу жүктемесі 28 сағат, вариативтік оқу жүктемесі 0,5 сағат, барлығы-28,5 сағат;
- 7-сыныпта инварианттық оқу жүктемесі 31 сағат, вариативтік оқу жүктемесі 0,5 сағат, барлығы-31,5 сағат;
- 8-сыныпта инварианттық оқу жүктемесі 32 сағат, вариативтік оқу жүктемесі 0,5 сағат, барлығы-32,5 сағат;
- 9-сыныпта инварианттық оқу жүктемесі 33 сағат, вариативтік оқу жүктемесі 1 сағат, барлығы-34 сағат;

2022-2023 оқу жылының басталуы, ұзақтығы, каникул кезеңі «Орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №363 бұйрығымен бекітілген:

1) 2022-2023 оқу жылының басталуы – 2022 жылғы 1 қыркүйек;

2) оқу жылының ұзақтығы: 1-сыныптарда – 35 оқу аптасы, 2-11 (12) сыныптарда – 36 оқу аптасы;

3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері: 1-11 (12) сыныптарда: күзгі – 7 күн (2022 жылғы 31 қазан – 6 қараша аралығында), қысқы – 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі-9 күн (2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында);

1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2022 жылғы 6-12 ақпан аралығында)

Мектептің оқу жұмыс жоспары 2022-2023 оқу жылында білім беру процесінің нормативтік-құқықтық базасына негізделі отырып әзірленеді. Сабақ ұзақтығы -45 минут. Бірінші сыныптардың оқу сабақтарының режимі қыркүйекте күніне 35 минуттан үш сабақ, қазан айынан бастап санитарлық қағидаларға сәйкес көз шынықтыру жаттығулары мен гимнастикаларын жасай отырып 45 минуттан өткізіледі.

16.2 сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.

### Талдау нәтижелері:

Қарасай негізгі орта мектебі бойынша бастауыш білім беру оқу бағдарламаларын игеру мерзімі-4 жыл (1,2,3,4-сынып), негізгі орта білім беру бағдарламаларын игеру мерзімі-5 жыл (5,6,7,8,9-сынып).

1-сыныптағы оқу жылының ұзақтығы 35 оқу аптасын, 2-11 сыныптарда 36 оқу аптасын құрайды.

2022-2023 оқу жылының басталуы, ұзақтығы, каникул кезеңі «Орта білім беру ұйымдарында 2022-

2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» *Қазақстан*

*Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №363 бұйрығымен бекітілген:*

1) 2022-2023 оқу жылының басталуы – 2022 жылғы 1 қыркүйек;

2) оқу жылының ұзақтығы: 1-сыныптарда – 35 оқу аптасы, 2-11 (12) сыныптарда – 36 оқу аптасы;

3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері: 1-11 (12) сыныптарда: күзгі – 7 күн (2022 жылғы 31 қазан – 6 қараша аралығында), қысқы – 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі-9 күн (2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында);

1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2022 жылғы 6-12 ақпан аралығында)

Мектептің оқу жұмыс жоспары 2022-2023 оқу жылында білім беру процесінің нормативтік-құқықтық базасына негізделе отырып әзірленеді. Сабақ ұзақтығы -45 минут. Бірінші сыныптардың оқу сабақтарының режимі қыркүйекте күніне 35 минуттан үш сабақ, қазан айынан бастап санитарлық қағидаларға сәйкес көз шынықтыру жаттығулары мен гимнастикаларын жасай отырып 45 минуттан өткізіледі.

**Мектеп директорының м.у.а:**

**Б.Әжіғалиева**